



Жоғары мектеп анықтамалығы

Құрметті ата-аналар!



Haileybury Almaty Жоғары мектебіне қош келдіңіз! Сізбен танысуға өте қуаныштымыз және осы анықтамалық сізге және балаңызға біздің мектеп туралы қажетті ақпарат алуға көмектеседі деген үміттеміз.

Жоғары мектепке көшкен кезде балаңыздың академиялық және әлеуметтік дамуына көп көңіл бөлінеді. Мектебіміздің оған жан-жақты көмек беретініне сенімді болыңыз. Егер сізде сұрақтар туындаса, мүмкіндігінше тезірек сынып жетекшісіне немесе хаус басшысына хабарласыңыз. Біз әрқашан сіздің кез келген өтінішіңізге дереу жауап беріп, оны сізбен бірге балаңыздың игілігі үшін шешуге әрекет жасаймыз.

Бүкіл әлемде оқушының жаңа мектепке ауысуы аса маңызды кезең болып саналады.

Себебі оқушы жаңа сабақ кестесіне, түрлі пәндер бойынша жаңа мұғалімдерге үйренуі керек.

Мектебімізде жаңадан келген оқушылардың Жоғары мектепке кедергісіз және ауыртпалықсыз өтуін қамтамасыз ететін оқу-тәрбие жұмысының мұқият ойластырылған жүйесі қарастырылған.

Сұрақтар туындаған кезде бізбен дереу

хабарласыңыз.

Барлығымыз да оқушыларымызға жаңа академиялық тәжірибе алуға және олардың білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруға көмектескіміз келеді.

A handwritten signature in black ink that reads "Simon Mills". The signature is fluid and cursive, with a horizontal line underneath the name.

Саймон Миллс
Директор школы

Жоғары мектеп қызметкерлері



Жоғары мектеп қызметкерлері

Жоғары басшылық



Рада Пандья
Директор орынбасары
rpandya@haileyburyalmaty.kz



Даршак Пандья
Директор орынбасары
(Жоғары мектеп),
Оқушылар қауіпсіздігі
үшін жауапты маман
(DSL)
dpandya@haileyburyalmaty.kz




Софи Лайтаулерс
Жоғары мектептің оқу
бөлімі басшысының
көмекшісі (оқу бөлімі)
slightowers@haileyburyalmaty.kz



Элизабет Кёртон
Жоғары мектептің оқу
бөлімі басшысының
көмекшісі (тәрбие
жұмысы)
ekirton@haileyburyalmaty.kz



Эндрю Уотсон
Sixth Form жетекшісі
awatson@haileyburyalmaty.kz



Шынар Садыкова
Оқу ісі жөніндегі маман,
DSL орынбасары
ssadykova@haileyburyalmaty.kz



Юрий Свешников
Емтихан жөніндегі
маман
ysveshnikov@haileyburyalmaty.kz



**Перизат
Талапқызы**
Деректер менеджері
ptalapkyzy@haileyburyalmaty.kz

Хаус басшылары



Джонатан Лоуренс
Эттли Хаус басшысы
jlawrence@haileyburyalmaty.kz



Нэйтан Кларк
Бартл Фрер Хаус
басшысы
nclark@haileyburyalmaty.kz



Кейт Флинн
Эдмонстон Хаус
басшысы
kflynn@haileyburyalmaty.kz



Стивен О'Рурк
Киплинг Хаус басшысы
sorourke@haileyburyalmaty.kz

Басқа қызметкерлер құрамы



Сара Браун
Академиялық қолдау
бөлімінің басшысы
sbrown@haileyburyalmaty.kz



Лидия Бейсембаева
Мектеп психологы
lbeisembayeva@haileyburyalmaty.kz

Оқу күйі



Оқу күні

Жоғары мектептің сабақ кестесі:

7:15 – 9:00	Мектепке келу
9:00 - 10:00	1-ші сабақ
10:00 - 11:00	2-ші сабақ
11:00 - 11:30	Үзіліс
11:30 - 12:30	3-ші сабақ
12:30 - 13:00	Сынып сағаты
13:00 - 14:00	Түскі ас
14:00 - 15:00	4-ші сабақ
15:00 - 16:00	5-ші сабақ
16:00 - 17:00	Үйірмелер



Оқу құралдары



Оқу құралдары

Оқушыларға келесі құралдар қажет болады:

- Компьютер - пернетақтасы бар iPad немесе Macbook болғаны жөн.
- Аудио ұясы бар құлаққаптар (музыка сабақтары үшін).
- Сызғыш 30 см.
- Өшіргіш.
- Желім.
- Қайшы.
- Қаламдар/қарындаштар/маркерлер.
- Математикаға арналған арнайы жабдық (abdi.kz сайтынан онлайн сатып алуға болады):
 - Casio FX82ES Plus инженерлік калькуляторы немесе оның баламасы.
 - Циркуль.
 - Транспортир – 360 градус.
- EAL (ағылшын қосымша тілі ретінде) оқушыларына телефон немесе планшеттен гөрі сөздікпен жұмыс жасаған жөн.

Мектеп қазір BYOD (оқушылар өз құрылғыларын мектепке әкеліп, жұмыс істейді) қағидасын ұстанғанына байланысты оқушылар мектептің BYOD нұсқаулығын оқып шығуы керек.

Google Classroom



Google Classroom

Барлық Жоғары мектеп мұғалімдері Google Classroom қызметін пайдаланады. Бұл платформада мұғалімдер әр сабаққа дейін, сабақ барысында немесе одан кейін оқушыларға арналған жұмыстарды және тапсырмаларды жүктей алады. Жоғары мектеп оқушыларының ата-аналары Google Guardian ретінде балаларының Google сыныптарының әрқайсысына қосылады.

Google Guardian болған ата-аналар баласының әр сабақтағы әрекеттері туралы электрондық хабарландырулар алып тұрады. Бұл хабарландырулар бағаларды көрсетпейді, бірақ ата-аналар келесіні көре алады:

- тапсырылмаған жұмыстар – әлі тапсырылмаған жұмыстар;
- алдағы жұмыстар – бүгін/ертең (күнделікті хабарландыру) немесе келесі аптада (апта сайынғы хабарландыру) тапсырылуы керек жұмыстар;
- сыныптағы іс-шаралар – хабарландырулар, тапсырмалар және мұғалімдер жақында жүктеген сұрақтар.

Хабарланатын іс-шаралар болмаса немесе мұғалім хабарландыру мүмкіндігін өшірсе, ата-аналар хабарландыру ала алмайды.



Оқулықтар мен жұмыс дәптерлері



Оқулықтар мен жұмыс дәптерлері

Оқулықтарды оқушыларға пән мұғалімдері береді. Оқушылар оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін мұқият ұстап, әр сабаққа әкелу керек. Бұл талап орындалмаса, қызыл тикет немесе уақтылы орындамау үшін тикет берілуі мүмкін. Оқушылар оқулықтарды оқу жылының соңында қайтарады.



Ынталандыру және тәртіптік шаралар



Ынталандыру және тәртіптік шаралар

Жоғары мектептің басты мақсаты — жоғары тиімді оқушыларды (HPL) дамыту. Осы мақсатқажету жолында бес тикет қолданылады.

- Сары тикет ACP
- Көк тикет VAA
- Жасыл тикет HPL
- Тапсырманы уақтылы орындамаған үшін берілетін тикет

Сары тикет ACP - HPL-дің «Жетілдірілген когнитивті процестер» деген құрамдас бөлігіне сәйкес келеді. Ол оң академиялық қасиеттер көрсеткені, жақсы тәртібі, сабақтағы үздік жұмысы үшін, сондай-ақ мұғалім ынталандыруға лайық деп санаған кез келген басқа себептер бойынша беріледі.

Көк тикет VAA - HPL-дің «Құндылықтар, көзқарастар мен тұлғалық қасиеттер» деген құрамдас бөлігіне сәйкес келеді. Ол оқушыларға эмпатия, еңбекқорлық, ойлау икемділігі мен тапқырлық танытқаны үшін, мысалы, мұғалімге тапсырманы орындауға көмектескені, сыныптастарына қолдау көрсеткені және т.б. сондай игі істері үшін беріледі.

Жасыл тикет HPL - HPL қағидаларына және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді. Бұл тикетпен мектепте және одан тыс жерлерде қоршаған ортаға және мектеп қоғамдастығына жауапкершілікпен әрі ұқыпты қарауды көрсететін оқушылар марапатталады.

Тапсырманы уақтылы орындамағаны үшін берілетін тикет - Үй тапсырмаларын немесе курстық жұмыстарды тапсырудың белгіленген мерзімдері сақталмаған немесе олар толық тапсырылмаған жағдайда беріледі.

Маңызды ескерту: Оқушы осы тикеттердің бірін алғанда ата-аналардың электронды поштасына хабарлама жіберіледі. Осылайша ата-аналар баласының жетістіктерін күнделікті үйде талқылап, оқу жылы бойы оның үлгерімін қадағалай алады.

Сабаққа қатысу және сабақтан босату



Сабаққа қатысу және сабақтан босатылу

Жоғары мектепте сынып жетекшісі сіз үшін негізгі байланысушы тұлға болып табылады. Кез келген сұрақтар бойынша сынып жетекшісіне хабарласу керек, балаңыздың сабаққа келмейтіні туралы да осы қызметкерді хабардар ету керек.

Сынып жетекшісінен балаңыздың мектептен ерте кетуіне рұқсат беруін сұрауыңыз керек (мысалы, дәрігерге көріну үшін). Мектеп ережелеріне сай ата-аналар жоспарланған кету уақытынан 24 сағат бұрын мектепке хабарласуға тиіс. Сынып жетекшісі электрондық хатыңызды алғаннан кейін балаңызға онлайн платформа арқылы Exit Slip (сабақтан босатылғанын растайтын құжат) береді. Ресепшн сіздің балаңыздың сабақтан босатылғаны туралы ақпаратты дереу алады. Оқу іс-әрекетіне қатысы жоқ әртүрлі іс-шараларды оқу сағаттарынан тыс уақытта жоспарлауыңызды сұраймыз.

Оқушылар мектептегі барлық іс-шараларға қатысуға міндетті. Орынды себеп болмаған жағдайда оқушы сабақтан босатылмайды.



Үйірмелер



Үйірмелер (ССА)

Ата-аналарға әр оқу кезеңінде өтетін ССА-лер туралы ақпарат электрондық пошталарына жіберіледі. Сізге балаңызды тиісті ССА-ге жазу қажет. ССА-ді біздің мұғалімдер мен сыртқы мамандар жүргізеді (бөлек төленеді).

Спорттық жарыстар болған жағдайда оқушылар қабілетіне қарай іріктеледі, содан кейін қажетті жаттығу ұйымдастырылады. Көп жағдайда біз «Спорт – барлығына» философиясын одан әрі ілгерілету үшін әр жас тобына және жынысына қарай бірнеше командаларды құруға тырысамыз.





Haileybury Almaty

www.haileybury.kz

Болашақ көшбасшылар мектебі



HaileyburyAlmaty



@haileybury_almaty



Haileybury-Almaty



@HaileyburyKZ



HaileyburyAlmaty

Haileybury Алматы мектебі өз оқушыларының қауіпсіздігі мен аман-саулығын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады және мектеп қызметкерлер мен мектепке қатысы бар тұлғалар оған бұл істе қолдау көрсетеді деп үміттенеді.